

**«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Ұйғыр филиалы**

Филиал туралы мәлімет

«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ұйғыр филиалының тарихы:

1. Қаз ССР Министрлер Кеңесінің 1985 жылғы 15 шілдедегі N 248 қаулысы негізінде аудан мекемелерінің, ұйымдарының, кәсіпорындарының жеке құрамы бойынша құжаттардың сақталуын және азаматтардың әлеуметтік-құқықтық сұраныстарын жедел орындау мен архивтік анықтама беруді жақсарту мақсатында облыстық Халық Кеңесі атқару комитеті 1988 жылы 1 қаңтарда Халық депутаттары облыстық Кеңесі атқару комитетінің жанынан жеке құрам бойынша Шонжы ауылында архив

2. «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 30.06.2016 жылғы филиалдын атауы «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ұйғыр филиалы болып өзгертілген.

3. 1989 жылдың шілде айында Алматы облысының мемлекеттік архиві Ұйғыр филиалына 30 қор – 10307 сақтау бірлігін өткізіп берді.

4. Филиалдың штат саны – 8.

5. Филиал қызметінің мәні мен мақсаттары: заңмен белгіленген тәртіпте ұлттық құндылық ретінде танылып, Алматы облысының Ұйғыр ауданында орналасқан және филиалдың жинақтау көздеріне жататын мекемелердің, ұйымдардың, барлық меншік түрлеріндегі кәсіпорындардың іс-әрекетінде қалыптасқан айрықша тарихи, ғылыми, әлеуметтік және мәдени маңызы бар құжаттарды сақтау мен пайдалану болып табылады.

Филиал қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын толықтыру, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар кешенін жүргізу.

Филиал мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай қызмет түрлерін жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құжаттарын және басқа архивтік құжаттарды белгіленген тәртіпте сақтауға алуға іріктеу және қабылдау; архивтік құжаттарды жинақтау; филиалда сақтауда жатқан құжаттардың мемлекеттік есебін жүргізу; сақтауға алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету; сақтауда жатқан құжаттардың іс жүзінде пайдалануын ұйымдастыру; жеке және заңды тұлғалардан түскен әлеуметтік-

құқықтық, тақырыптық сұраныстарды орындау; белгіленген тәртіпте «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметін көрсету; құжаттарды сақтаудың оңтайлы жағдайын жасау және олардың физикалық сақталуын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүргізу; Филиалдың жинақтау көздері - мекемелердің іс жүргізушілік, архивтік және сараптамалық қызметіне әдістемелік көмек көрсету; архив құжаттарындағы ақпаратты анықтау және құжаттарды басып шығару, көрме ұйымдастыру, теледидар мүмкіндіктері арқылы архив құжаттарындағы ақпараттарды пайдалану.

6. Қор және құжаттар саны:

2024 жылдың 01 қаңтарындағы мәліметке сәйкес филиалда – 115 қордың 30732 сақтау бірліктерінің сақталуын және пайдалануын қамтамасыз етіледі.

Филалға өткен құжаттардың ішінде Ұйғыр ауданының ауылдық атқару кеңесінің, аудан әкімі аппаратының, селолық, ауылдық округтер әкімі аппараттарының, жұмыспен қамту орталығының, колхоз, совхоздардың, аудандық аурухананың және т.б. мекемелердің құжаттары бар.

Филиалда Құрметті ұстаз дәрежелі И.Имировтің, Ұйғыр ауданының құрметті азаматы К.Баратовтің құжатары сақталынуда.

7. Жинақтау көздерінің саны - 30

Филиал ғимараты 1968 жылы салынған.

Филиалдың мекен жайы: «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ұйғыр филиалы
И.Искандеров көшесі, 76,
Шонжы ауылы,
Ұйғыр ауданы,
Алматы облысы,
Индекс: 041800,
Телефон: 8 (72778) 2-10-53
E-mail: uighur-filial@mail.ru

Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау уақыты:

Күнделікті: дүйсенбі – жұма күндері

Сағат 08:00-ден 17:30-ға дейін

Түскі үзіліс: 12:30-дан 14:00-ге дейін

Демалыс күндері: сенбі - жексенбі